

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 136 (9198)

1953 жылғы 10 июль Жұма

Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## КІТАП БҰҚАРА АРАСЫНДА КӨП ТАРАТЫЛСЫН

СОБН XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында көркем әдебиет пен ғылыми әдебиеттің, оқулықтардың, журналдар мен газеттердің шығарылуын едәуір арттыруды қамтамасыз ету үшін полиграфия өнеркәсібінің кеңейту және кітап басудың сапасын, кітаптардың көркемдігін жақсарту міндеті қойылды. Міне, осыған байланысты халқымыздың әл-ауқаты мен мәдениетінің күн сайын өсіп отырғандығын ескере келіп, олардың кітап жөніндегі рухани тілегін қанағаттандыруда сауда орындарының алдына да зор міндеттер қойылады.

Үкмет пен партиямыздың еңбекші халықтың мәдениеті мен рухани тілегіне үнемі көңіл бөліп отыруы арқасында елімізде жыл сайын сан миллиондаған тиражды кітаптар басып шығарылуда. Кәзір елімізде кітаптың жылдық тиражы 800 миллионға жетіп, 1940 жылымен салыстырғанда екі есеге дейін өсті.

Біздің республикамызда да кейінгі жылдары әдебиеттерді басып шығару мейлінше дамытылды. Өткен жылы Қазақстан баспалары 12 миллион кітап басып шығарса, быйыл тек «Казкижторгтың» өзі ғана оқушыларға 6 миллионнан астам кітап бермек. Сонымен бірге, бұқараның кітапқа деген сүйіспеншілігі күннен күнге арта түсуде. Республикамызда 1952 жылы халыққа 98 миллион сомның кітабы сатылды, яғни 1940 жылмен салыстырғанда кітаптың көпшілік арасына таратылуы 4 есе артты. Тек біздің республикамыздың өзінде ғана кітап сату орындары соғысқа дейінгісімен салыстырғанда 3 есе көбейді.

Партиямыз бен үкметіміз еңбекші бұқараға кітапты көп тарата отырып, социалистік мәдениетті барған сайын дамытуға ерекше көңіл бөледі. Партия мен үкметіміздің кітап саудасымен шұғылданатын орындардың санын көбейтуге үздіксіз қамқорлық жасауының нәтижесінде біздің облысымызда да кітап саудасы орындары соңғы жылдарда едәуір көбей-

ді. Үлт құрамы, ол ауданның экономикалық ерекшелігі ескерілмейді, ауыл шаруашылығына керекті кітаптардың орнына күрделі механикалық өнеркәсіп орындарына керекті кітаптар жіберіледі. Ал, жұртшылық көптеп керек етіп отырған көркем, саяси, ауылшаруашылық әдебиеттері және еліміздің жаңашылдары жөнінде жаңылған кітаптар аз жеткізіледі. Соның салдарынан кейбір аудандар басқа облыстардан кітап алдыруға мәжбүр болып отыр.

Облыстық тұтынушылар одағы мен «Казкижторгтың» бөлімшесі аудандық, ауыл-селолық кітап саудасы орындарын көбейту мәселесіне немқұрайды қарап келеді. Соколов, Булаев аудандарында жергілікті кітап сауда бөлімшелері тіпті аз. Ал, азы-кепті аудандық, ауыл-селолық кітап магазиндерінің өзінде кітап саудасының жабы нашар. Жұмыс істеп келген магазиндердің өзінде кітаптың түр-түрлері өте-мөте аз. Бар кітаптардың өзі магазиндерде дұрыс сақталмайды. Аталған аудандардағы магазиндердің кітап қорындағы кітап түрлері 20-30-дан аспайды. Кейбір магазиндерде кітап витриналары жабықталмаған.

Кітап саудасын бұл сияқты жете бағаламаушылыққа бұдан әрі түзуге болмайды. Облыстық тұтынушылар одағы мен «Казкижторг» бөлімшелері және «Союзпечать» бұқара арасында кітаптарды кеңінен таратуды ойдағыдай ұйымдастырып, ауыл-село еңбекшілеріне түрлі әдебиеттерді уақытында жеткізіп отыруды қамтамасыз етуге міндетті. Ама не, жұртшылық арасына кітапты көптеп тарату сияқты маңызды мәселеге кітап сауда орындарының қызметкерлері осы уақытқа дейін жете көңіл бөлмей келеді. ҚКП қалалық, аудандық комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары кітап саудасы орындарының жұмыстарымен аз шұғылданып, оларға дерекзінде нақтылы көмек көрсетпейді. Кітап саудасы жөніндегі мәселе партия комитеттерінің бюро мәжілістерінде оқта-текте ғана қаралады.

## Ақтөбеліктердің үндеуіне нақты іспен жауап берейік

### Шөп шабу қарқыны баяу

Жамбыл атындағы колхозда (Преснов ауданы) қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөптің мол қорын жасау жолындағы күрес нашар ұйымдастырылған. Мұнда шөп шабудың және жыйнауың күндік, бескүндік графигі үнемі орындалмай келеді.

Колхозда жемшөп дайындау жұмыстарын барлық жағынан тыңғылықты жүргізуге күш-мүмкіншілік жеткілікті. Алайда, колхоз басқармасы (председателі Шаріпов жолдас) ол күш-мүмкіншіліктердің шөп шабу науқанына толық пайдаланылуын ұйымдастыра алмай отыр.

Бұл колхозда 2 кең алымды шөп машинасы жұмыс істейді. Бірақ, жемшөп дайындау науқаны басталғалы ол машиналар жұмысқа нашар пайдаланылуда. Ал, мұнда көлікке жегілетін машиналар шөп шабуға мүлде қосылмаған десе де болады. Мұның себебі, колхоз басшылары шөпті тек қана кең алымды және тракторға тіркелетін машиналарымен шабуды ойлайды. Міне, сондықтан да колхозда шөп шабудың графигі қанағаттанғысыз орындалуда.

Жалғыз бұл емес, колхозда шабылған шөпті жыйнау, маялау жұмыстары да нашар ұйымдастырылған. Шөп шабу мен маялаудың арасында үлкен алшақтық бар. Колхоз басшылары жемшөп дайындаудағы мұндай кемшіліктерді тез түзетіп, мал азығын өндіру жоспарын қысқа мерзімде және толық орындаудың тиісті шараларын қолданулары керек.

М. ӘКІМЖАНОВ.

### № 2 бригадада

Интернационал колхозының (Октябрь ауданы) № 2 бригадасының мүшелері жемшөп дайындауға тыңғылықты әзір-

Қоғамдық мал шаруашылығын бесінші бесжылдық жоспарға сәйкес өркендетуде жемшөптің мол қорын жасау шешуші роль атқарады. Сондықтан да облысымыздың еңбекшілері ақтөбеліктердің үндеуін қызу қостап, жемшөптің мол дайындалуы жолында қажырлы күрес жүргізуде. Бұдан былайғы жерде де пішениілер арасында социалистік жарысты өрістете отырып, алынған міндеттемелердің мүлтіксіз орындалуына жетісу қажет.



Өткен жылы Ленин ауданындағы Торангүл совхозының бірінші фермасында 26 гектар жерге эспарцет егілген болатын. Быйыл оның аланы 51 гектарға дейін ұлғайтылды.

СУРЕТТЕ: совхоздың аға агрономы М. Оященко мен бірінші ферманың меңгерушісі М. Самойленко жолдастар өсіп келе жатқан эспарцетті байқап тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

### Жемшөптің мол қорын жасау үшін

Буденный атындағы колхоздың (Полудень ауданы) мүшелері жемшөптің мол қорын жасау жолында жанаямай еңбек етіп келеді. Ақтөбеліктердің мал азығының берік қорын жасау жөніндегі үндеуін қызу қосап, олар жемшөп дайындауды егін орағы басталғанға дейін ойдағыдай аяқтауға міндеттенген еді. Кәзір колхозшылар өздерінің барлық ынта-ықыгерін осы міндетті орындауға жұмсауда.

Колхозда тракторға тіркелетін кең алымды екі шөп машинасы, бір өздігінен жүретін шөп машинасы және көлікке жегілетін бірнеше шөп машиналары жұмыс істейді. Шөп шабуға машиналар толық қуатымен пайдаланылуда.

жердің пішені шабылды.

Колхозшылар шөп шабу және маялау жұмыстары арасында алшақтыққа жол бермей келеді. Шабылған шөп іле-шала жыйналып, маяға салынады. Бұл жұмысқа колхозшылар жеткілікті бөлінген. Олар шөп жыйнауың және маялаудың күндік, бескүндік графигін үнемі толық орындап отырады.

Өткен жылы бұл колхозда жемшөптің дені мал қыстату басталғанға дейін қорарар жанына тасылып алынған еді. Бұл қысқы маусымда жемшөпті дұрыс жұмсауға, малды мезгілімен азықтандыруға қолайлы жағдай туғызды.

### Теміржолшылар күні қарсаңында ДЕПОНЫҢ ТАҢДАУЛЫ ПАРОВОЗШЫЛАРЫ

Өткен айдың қорытындысында Бүкілодақтық теміржолшылар күнін лайықты табыстармен қарсы алу жарысында аға машинист Швидко жолдастың паровоз бригадасы жақсы нәтижелерге ие болды. Паровоз бригадасының мүшелері 27 поездды айналымға беріп, жолда қосымша су алмастан 19 рет сапарға шықты, сонымен қатар, ауыр жүк тиелген 6 поезд алып өтті. Олар өткен айда 12 тонна отын үнемдеді, паровозды пайдаланудың барлық көрсеткіштері жөніндегі тапсырманы едәуір асыра орындады.

Сол сияқты, жолаушылар поезының машинисті Рязанов жолдас июль айында 40 тонна отын үнемдеуге жетісіп, локомотивтің техникалық және орта тәуліктік жүріс жылдамдықтарын арттыру жөнінде алған міндетмесін аброймен жүзеге асырды.

### МАЙЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ КӨП ҮНЕМДЕЛУДЕ

Поезд және вагон мастерлері теміржолшылар күнін өндірістік табыстармен қарсы алу үшін өзара социалистік жарысқа түсіп, еңбек өнімділігін үнемі арттырып келеді.

Мереке алдындағы күндерде поезд және вагон мастерлері майлау материалдарын үнемдеу үшін күресті күшейтті. Олар май және июль айларында 1500 килограмға жуық майлау материалдарын үнемдеді. Поезд және вагон мастерлері Копяев, Калинин, Морозов, Мусин және Суворов жолдастар майлау материалдарын көптеп үнемдеді.

### ЖОҒАРЫ ЕҢБЕК

### ӨНІМДІЛІГІ

Петропавл паровоз депосының алдыңғы қатарлы жұмысшылары теміржолшылар күні қарсаңында өндірістік табыстарын көбейте түсуде. Механикалық цехтың тоқарі





